

ABAI: Adamzattyń bárin súi baýyrym dep.

Аймақтық қоғамдық-саяси газет • Газет 1932 жылдың 1 мамырынан бастап шығады

BALQASH ÓNIRI

balqash_oniri_gazeti

balkhashoniry@mail.ru

№35 (13501), 22 МАМЫР, ЖҰМА, 2026 ЖЫЛ

Нұрдос МАРАТУҒЫ, «BALQASH ÓNIRI»

√27-29 МАМЫР – ҚҰРБАН АЙТ

Мейірім мен ізгіліктің мерекесі



ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ КҮНТІЗ-БЕСІНЕ СӘЙКЕС, ОСЫ ЖЫЛЫ ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ 27-29 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА АТАЛЫП ӨТЕДІ. ҚАСИЕТТІ МЕЙРАМНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ – 27 МАМЫР – РЕСМИ ДЕМАЛЫС КҮНІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНГЕН. БИЫЛ БҰЛ КҮН СӘРСЕНБІГЕ СӘЙКЕС КЕЛІП, ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ЖҰМЫС АПТАСЫНЫҢ ОРТАСЫНДА ҚОСЫМША ТЫНЫҒУ МҮМКІНДІГІН СҢЙЛАМАҚ.

ҚМДБ таратқан мәлімет бойынша, Хижи күнтізбесіндегі айлардың басталуы халықаралық астрономиялық зерттеу орталықтарының деректері негізінде есептеледі. Сонымен

қатар, пәтуа мамандары діни мерекелердің нақты күні жана айдың көрінуіне байланысты бір күн ерте немесе кеш жариялануы мүмкін екенін ескертеді.

– Құрбан айт – мұсылман жұртшылығы үшін ең ұлық мерекелердің бірі. Араб тілінен аударғанда «Құрбан айт» сөзі «құрбан шалу мерекесі» деген мағынаны білдіреді. Бұл күн – қасиетті Меккеге жасалатын қажылық сапарының аяқталуымен сабақтап үлкен мейрам. Қажылық – ислам дініндегі бес парыздың бірі. Ол иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау және зекет беруден кейінгі маңызды құлшылық саналады. Мерекенің басты мәні – адамды ізгілікке, қайырымдылыққа, мейірім мен имандылыққа тәрбиелеу, – дейді Балқаш қаласының бас имамы Нұрболат Қалдарбеков.

Сондай-ақ, бас имам мешіт қызметкерлері мен жауапты мамандарға құрбан шалу рәсімін жоғары деңгейде ұйымдастыруды тапсырғанын жеткізді. Әсіресе, қасапшылардың жеткілікті болуын қамтамасыз етіп, санитарлық талаптарды қатаң сақтау қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар, мереке аясында балаларға айттық ретінде тәттілер мен сый-сияпаттар таратылып, олардың жүздеріне қуаныш сыйлау жоспарлануда. Қасиетті күндері мешіт маңын балалардың шат күлкісі кернеп, айттың шынайы мерекелік көңіл-күйі сезілмек. Әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасыларға азық-түлік себеттері үлестіріліп, мұқтаж жандарға қайырымдылық көмектері көрсетіледі.

Қадірлі балқаштықтар!

Барша мұсылман қауымы үшін ең ұлық Құрбан айт мерекесі құтты болсын!

Құрбан айт мерекесі – қазақ халқының салт-дәстүрімен біте қайнасқан мейрамдардың бірі. Сондықтан, Құрбан айт мерекесі мемлекетімізде үлкен құрметке ие әрі ұлттың ынтымағын арттыруға үлес қосып келеді. Бұл мерекенің басты мәні – мейірімділікті, игілікті, бірлікті, ізеттілікті, қайырымдылықты, достық пен шаттықты, сыйластықты арттыру, жақсылық жасау, сыйлық сыйлау, мұқтаждарға көмектесу.

Осы мерекеде ізгі амалдар жасап, құрбандық шалып, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға жәрдемдесу, науқас жандардың көңілін сұрау сауапты іс екендігін баршамыз білеміз. Әрбір адам өзінің жомарттығымен, жанашырлығымен көмекке мұқтаж жандарға қамқорлық көрсету арқылы Алланың алдында шексіз сауаптарға қол жеткізе алады.

Әлемдегі дамыған елдер қатарына енуді мақсат тұтқан мемлекетіміздің негізгі ұстанған бағыты – бейбітшілік, келісім және тұрақтылық. Мемлекетіміздің жемісті саясатының нәтижесінде Қазақстан экономикасы тұрақты елге айналып, халқымыздың әл-ауқаты артып келеді.

Құрметті жерлестер!

Елді бірлікке шақыратын Құрбан айт мерекесі құтты болсын! Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке тілейміз. Қазақстан азаматтарының бірлігі мен берекесі артып, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемен еліміздің болашағы баянды болсын!

Сапар САТАЕВ,
Балқаш қаласының әкімі.
Ахат МҰСЛИМОВ,
қалалық мәслихат төрағасы.

BALQASH ÓNIRI


balkhashoniry@mail.ru

2026 ЖЫЛҒЫ ІІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Жеке тұлғалар үшін - 2500 тт.
Заңды тұлғалар үшін - 3000 тт.
Зейнеткерлер үшін - 2000 тт.

Ескерту: Kaspi GOLD немесе Халықбанкiнiң қосымшасы арқылы жазылған абоненттiң аты-жөнi мен мекенжайы көрсетiлiп, төлемнiң скрин нұсқасын жиберу керек.

Halyk QR



Байланыс телефоны: 6-04-89, 4-25-64, 87024031303
(Kaspi GOLD), мекенжайымыз: Ағыбай батыр көшесі, №9 үй.



Хабарландыру

«KAZSTAR Construction Company» ЖШС «Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, №1593 жер телімі мекенжайы бойынша жанар-жағармай құю бекеті, автогаз жанармай құю бекеті және дүкен құрылысы» жұмыс жобасы бойынша "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 01.06.2026 ж. бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады.

Тапсырыс беруші: «KAZSTAR Construction Company» ЖШС БСН: 070440014610, Мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауд., Рысқұлов д. 103/13 үй, тел.: +7(727)3831757, e-mail: asemsabish@gmail.com.

Жобалаушы: «ЕСО.ПРОЕКТ» ЖК Мемлекеттік лицензия № 02465Р, 12.02.2019 ж. мекен-жайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42 үй, e-mail: Aliya_86_30@bk.ru тел.: 8 701 762 66 12.

ЖАО – «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Лободы көшесі, 20 үй, e-mail: pr.resurs@kr.gov.kz, тел.: 8 (7212) 56-41-27

Объявление

ТОО «KAZSTAR Construction Company» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство автозаправочной станции, автогазозаправочной станции и магазина по адресу: область Карагандинская, город Балхаш, земельный участок №1593».

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 01.06.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней.

Заказчик: ТОО «KAZSTAR Construction Company» БИН: 070440014610. Адрес: г.Алматы, Алатауский р-н, пр.Рыскулова, дом 103/13. тел.: +7(727)3831757, e-mail: asemsabish@gmail.com

Разработчик: ИП «ЕСО.ПРОЕКТ» Государственная лицензия №02465Р от 12.02.2019 г. Адрес: г. Алматы, Бостандыкский район, ул. Тимирязева, дом 42, e-mail: Aliya_86_30@bk.ru тел.: 8 701 762 66 12.

МИО - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», адрес: Республика Казахстан, 100008, г.Караганда, ул.Лободы, 20, e-mail: pr.resurs@kr.gov.kz, тел.: 8 (7212) 56-41-27

✓ОҚИЫҚ, ҮЙРЕНЕЙІК

Тамақ дайындауға ас үй заттары Kitchen utensils

№	Қазақша	Ағылшынша	Транслитерациясы
1	ағаш қасық	wooden spoon	удін спуун
2	таба	frying pan	фрайиң пән
3	қазан	pot	пот
4	Гриль таба	grill pan	грил пән
5	казан	wok	уок
6	кепсер	strainer	стрэйнэ
7	ожау	ladle	лэйдл
8	ШҰҢҒЫЛ ЫДЫС	bowl	баул
9	тостер	toaster	тоустэ
10	үккіш	grater	грэйтэ

«Балқаш қаласының тілдер орталығы» КММ.

«Балқаш өңірі» газетінің редакциясы ЖШС ұжымы газет жанашыры, «Ақжолтай Ағыбай батыр» қоғамдық қорының президенті Фабиат Мұсабековке

АНАСЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жарнама беріңіз

Тел: 4-25-64, 06-04-89

Хабарландыру

"BMT Holding Limited" жеке компаниясы "Тесіктас кен орнының бұзылған жерлерін қалпына келтіру" жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Тыңдау 25.06.2026 ж. сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а. о., Орта Дересін а., Орынбек Жәутіков к-сі, 20 мекенжайында өтеді. ZOOM платформасындағы Онлайн қосылым-конференция идентификаторы: 813 0375 3295, кіру коды: 514941.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а. о. (46°45'3.62"С, 75°23'9.31"Ш).

Тапсырыс беруші: «BMT Holding Limited» ЖК, БСН 210240900245, ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1 ғимарат, Тел.: 8(777) 583-39-88.

Әзірлеуші: ТОО «Есо Јег», БСН 200640023864, Қарағанды қ., Рысқұлов к-сі 21,66, тел.8-771-259-66-16, эл.пошта: esojer@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен порталда танысуға болады ndbecology.gov.kz. барлық ескертулер мен ұсыныстар порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады ndbecology.gov.kz. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: мекен-жайы esojer@mail.ru және телефон бойынша: 8 (7212) 31-98-76. Жергілікті атқарушы орган: "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 40, 8 (7212)56-81-66.

Объявление

Частная компания «BMT Holding Limited» сообщает о проведении общественных слушаниях по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к проекту "Рекультивации нарушенных земель месторождения Тесиктас. Слушания состоятся 25.06.2026 г. в 15:00 по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Ортадересинский с.о., с.Орта Дересин, ул. Орынбека Жаутикова 20. Онлайн-подключение на платформе ZOOM - идентификатор конференции: 813 0375 3295, код доступа: 514941.

Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Ортадересинский с.о. (46°45'3.62"С, 75°23'9.31"Ш)

Заказчик: ЧК «BMT Holding Limited», БИН 210240900245, РК, город Астана, район Есиль, ул. Дінмұхамед Қонаев, здание 12/1, тел: 8(777) 583-39-88.

Разработчик: ТОО «Есо Јег», БИН 200640023864, г. Караганда, ул. Рыскулова 21,66, тел.8-771-259-66-16, эл.почта: esojer@mail.ru.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz. Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу esojer@mail.ru и по телефону: 8 (7212) 31-98-76. Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области»: expertiza.upr_krg@mail.ru, г.Караганда, ул.Лободы, 40, 8(7212)56-81-66.